

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1207 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 ақпандағы № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.02.2015 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Республика аумағында жануарлардың жіті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою және жануарлар мен адамға ортақ аурулардан азаматтардың денсаулығын қорғау және эпизоотологиялық-эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 18, 185-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін кездегі жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесінде:

тақырыбы "Жануарларды" деген сөздің алдынан "Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "туляремия" деген сөзден кейін ", аусыл" деген сөзбен толықтырылсын ;

бесінші абзацтағы "аденомотоз" деген сөзден кейін ", шешек, күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Алдын алуы, диагностикасы және жойылуы республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесінде:

екінші абзацтағы "нодулярлық дерматит (экзотикалық ауру)" деген сөздерден кейін ", қойдың хламидиоздық (энзоотикалық) іш тастауы" деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші абзацтағы "(экзотикалық аурулар)" деген сөздерден кейін ", күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылауында болатын жүктерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік

шекарасы арқылы алып өту кезінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру ережесінде:

8 және 19-тармақтар мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бақылауда болатын жүктерді әкелуге уәкілетті орган беретін рұқсаттың қолданылу мерзімі 30 күннен аспайды.";

23-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бақылауда болатын жүктердің транзитіне уәкілетті орган беретін рұқсаттың қолданылу мерзімі 30 күннен аспайды."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі